

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала аудандық білім беру
бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
бос лауазымға ашық конкурс жариялайды**

Атауы: Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі КММ

Орналасқан орны(мекен-жайы): (БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Құрманғалиев көшесі 5.
Тел. 8(711)39-21-374;

Электрондық адрес: Saulet_ml@mail.kz бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Лауазымы:

1. Интернат меңгерушісі – 1 (бірлік) тұрақты – 108 400 тг

Лауазымдық міндеттері: интернаттың қызметіне басшылық етеді, тұтас оқу-тәрбие процесі шеңберінде тәрбиешілер мен басқа да қызметкерлердің жұмысына бақылауды жүзеге асырады, қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Білім беру процестерінің сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбиешілерге әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді, педагогикалық тәжірибені таратуға, тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға, педагогтар мен білім алушылардың шығармашылық бастамаларын дамытуға ықпал етеді. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Оқу-тәрбие, әдістемелік, мәдени-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырады.

Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету жағдайын, ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасын, санитарлық және өртке қарсы ережелерді сақтауды бақылауды жүзеге асырады, интернатта тұратын тәрбиеленушілердің қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, тамақтануын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Интернаттың, білім беру ұйымдарының және білім алушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Интернат қызметі туралы қажетті есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің орташа деңгейіне жататын ХІ педагогикалық сыныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат;

- және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

- және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 06.09.2022- 14.09.2022 ж.

Конкурсқа қатысу үшін электрондық немесе қағаз түріндегі келесі құжаттар қажет:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);